

Әкімшілік құқық бұзушылық және оларды жасаған тұлғалар жөнінде орталықтандырылған деректер банкінің құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 67 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2606. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009 жылғы 29 қыркүйектегі N 53 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009.09.29 N 53 бұйрығымен.

Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру мен дамыту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңын, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін және Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңдарын қолдану кезінде мемлекеттік органдарды ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының "Прокуратура туралы" Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінде әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар жөніндегі орталықтандырылған деректер банкі құрылсын.

2. "Әкімшілік құқық бұзушылық және оларды жасаған тұлғалар жөніндегі орталықтандырылған деректер банкінің жүргізу туралы" қоса берілген Нұсқаулық бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (Р.С.Хайруллин):

1) әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар жөніндегі орталықтандырылған деректер банкінің құруды ұйымдастырсын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Бұйрық барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, Бас әскери прокурорға, Астана, Алматы қалалары, облыстар және соларға теңестірілген прокурорларға жіберілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін (М.Қ.Уәйісов).

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап өз күшіне енеді және 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап қарым-қатынастарда қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының

"Әкімшілік құқық бұзушылықтар

және оларды жасаған тұлғалар

туралы орталықтандырылған

деректер банкінің құру туралы"

2003 жылғы "5" желтоқсандағы

№ 67 бұйрығымен бекітілген

Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды

жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған

деректер банкінің жүргізу жөнінде

Нұсқаулық

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Бұл Нұсқаулық әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға өкілетті барлық мемлекеттік органдар үшін (әрі қарай - әкімшілік практика субъектілері), әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулысы заңды күшіне енген әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғаларды бірыңғай есепке алуды белгілейді.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғаларды орталықтандырылған есепке алу, электрондық деректер банкінің жүргізу арқылы (әрі қарай - деректер банкі) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен жүзеге асырылады (әрі қарай - Комитет).

3. Деректер банкі, әкімшілік практика субъектілерімен ұсынылатын есепке алу құжаттарының: әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы қажетті мәліметтерді қамтитын "әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғаларды есепке алу бойынша" № 1-АП нысанды карточкасы (1-қосымша) (әрі қарай - карточка), әкімшілік жаза салу туралы қаулының орындалуы жөніндегі хабарлама (3-қосымша), әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік өндіріп алудан босату туралы хабарлама (4-қосымша) негізінде құрылады.

Карточкалар Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің облыстар және оларға теңестірілген аумақтық Басқармаларына ұсынылады (әрі қарай - Басқармалар) (әкімшілік практика субъектілерінің

орталық аппараттары әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған жері бойынша
Б а с қ а р м а л а р ғ а ж і б е р е д і) .

Әкімшілік практика субъектісінде ведомстволық деректер банкі бар болған жағдайда, карточканың құрамындағы мәліметтер осы ақпарат банкіне енгізіледі. Содан кейін, осы Нұсқаулықпен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде электрондық форматтағы мәліметтер (Комитетпен белгіленген) ведомстволық деректер банкінен Комитетке модемдік байланыспен немесе магниттік тасушылармен түсіріліп, жіберіледі.

Келіп түсетін есепке алу материалдарының негізінде Басқармалар, электрондық режимде келіп түсетін материалдарды, кейіннен Комитеттің орталық деректер банкіне жіберу арқылы жергілікті ақпараттық деректер базасын құрады (әрі қарай - жергілікті деректер базасы).

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 27 маусымдағы N 25 бұйрығымен .

4. Есепке алуға, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулысы заңды күшіне енген тұлғалар (жеке және заңды) жатады.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық субъектілерін жергілікті және орталықтандырылған есепке алу үшін, тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны және оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулысының заңды күшіне енгені негіз болып табылады.

6. Карточка әкімшілік практика субъектілерімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының негізінде, анық, өшірілмей және түзетілмей, баспа әріптерімен, көк немесе қара сиямен қолдан не жазу машинкасы немесе компьютермен толтырылады .

Кәртiшке (қағаз жүзінде) ақпараттық есепке алу құжаты болып табылады. Кәртiшкеге қол қойған тұлға оның шындылығына, толықтығына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз уақытылы ұсынылуына жауапты .

Ескерту: Басқармаларға электрондық түрде карточкаларды жіберген кезде түпнұсқалары осы Нұсқаулықпен белгіленген мерзімдерге сәйкес әкімшілік практика субъектілерінде сақталады.

Мәліметтерге түзету тек Комитеттің не оның Басқармасының карточканы қайтарған кезінде әкімшілік практика субъектісімен жүргізіледі. Сонымен қатар, түзету, қателерді тапқан күннен бастап бір айдан кешіктірілмей тиісті сұранымды Комитетке (Басқармаға) жіберу арқылы әкімшілік практика

субъектісінің бастамасымен жүргізілуі мүмкін.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

7. Әкімшілік практика субъектілері, ұсынылған үлгісі қоса берілетін (2-қосымша) әкімшілік істерді тіркеу Журналын (әрі қарай - Журнал) жүргізеді. Журнал әкімшілік практика субъектісінің мұрағатында 3 жыл бойы сақталады, содан соң акті бойынша жойылады .

Журнал нөмірленген, тігілген және мөрмен басылған болу керек. Жазбалар толық енгізіледі, қате жіберілген жазбалар талқыланып, жауапты тұлғаның қолымен қойылады .

Ескерту: журналға барлық қозғалған әкімшілік өндірістер енгізіледі, олардың жойылуы туралы қарастыру нәтижелері бағанда белгіленеді.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

8 . < * >

Ескерту: 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

9. Есепке алудың толықтығы және өз уақытылы ұсынуға бақылауды қамтамасыз ету мақсатында, әкімшілік практика субъектілері тоқсан сайын бір рет (тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне дейін) әкімшілік практика субъектілері Комитет басқармасының сәйкес деректер банкісімен салыстыру жүргізсін.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

2-бөлім. Есепке алу-тіркеу құжаттарын құру мен өңдеу.

1-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғаларды есепке алу жөніндегі N 1-АП нысанды карточкасы

1 0 . < * >

Ескерту: 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

11. Әкімшілік практика субъектілерімен он күндік мерзімділікпен әр айдың 10, 20 және 30-шы күндері Басқармаға N 1-АП нысанды карточкасы (тек заңды күшіне енген қаулылар бойынша) жіберіледі.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

12. Деректер банкіне осы Нұсқаулық талаптарының бұзылуымен енгізілген кәртішке, оны ұсынған әкімшілік практика субъектісіне 3 жұмыс күн ішінде түзету үшін қайтарылып, деректер банкісінен алынады. Әкімшілік практика субъектісі түзетілген кәртішкелерді Нұсқаулықтың 11-тармағына сәйкес

басқармаға жолдайды. Басқарма өз кезегінде, түзетілген кәргішкелерді жергілікті деректер базасына енгізеді және электрондық тәртіппен Нұсқаулықтың 11-тармағымен анықталған мерзімде Комитетке жолдайды.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

13. Әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғалар туралы мәліметтер (14-тармақта көрсетілгеннен басқа) әкімшілік жаза салу туралы қаулының орындалуының аяқталған кезінен бастап 1 жыл бойы сақталады.

Әкімшілік жауаптылыққа тартылған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер әкімшілік жала тағу туралы қаулының орындалу сәтінен бастап алты ай мерзімде сақталады (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 79-бабы)

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

14. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғалар туралы мәліметтер әкімшілік жаза салу туралы қаулының орындалуының аяқталған кезінен бастап 3 жыл бойы с а қ т а л а д ы .

Сақтау мерзімі өтіп кеткен басқармалардағы карточкалар, жойылған есепке алу құжаттарының жалпы санын көрсету арқылы актілер бойынша жойылады.

Сақтау мерзімі өтіп кеткен басқармалардағы карточкалар, осы Нұсқаулықпен белгіленген ережелер бойынша басқарма қызметкерлерінің қатысуымен жойылады.

2-тарау. N 1-АП нысанды карточканы толтыру құрылымы мен тәртібі

15. Карточканың 1-жолында құқық бұзушылықты тапқан және кодын көрсету арқылы хаттама құрған өкілетті органның атауы көрсетіледі.

15-1. Карточканың 1.1 қатарында құқық бұзушылықты анықтауға ынта білдірген мемлекеттік органның аталуы көрсетіледі.

Ескерту. 15-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР ҚР Бас Прокурорының 2008.09.04 N 50 бұйрығымен .

16. 2-жолда кодын көрсетумен құқық бұзушылық жасалған жері көрсетіледі (елді мекен, аудан, облыс атауы).

17. 3-жолда - материалды (хаттама), істі және оның кодын қараған өкілетті о р г а н .

Ескерту: Кодтар қолданыстағы бірыңғай кодификациялық анықтамаға сәйкес қойылады.

18. 4-жолда - материал (протокол) нөмірі мен бастау күні.

18-1. 4-1-жолда - бас тарту материалының нөмірі және қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған күні.

Ескерту: 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2007.09.06

№

36

Б ұ й р ы ғ ы м е н .

19. Егер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 639-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмаған жағдайда, "материалдың/хаттаманың/істің нөмірі" 4-жолында "хаттамасыз" қойылады. "Материалды/хаттаманы/ істі қараған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында құқық бұзушылық жасаған жерде ескерту дайындаған немесе айыппұл салған тұлғаның аты-жөні көрсетіледі.

20. 5-жолда істі қараған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

21. 6-жолда - карточканың тіркелу күні мен әкімшілік практика субъектісінің Журналы бойынша тіркеу нөмірі.

22. 7-жолда - карточканың Басқармаға келіп түскен күні, түзету күні.

23. 8-жолда әкімшілік құқық бұзушылықтың мынадай субъектілері туралы мәліметтер бейнеленеді: жеке тұлға, лауазымды тұлға, лауазымды тұлғаға теңестірілген тұлға, жеке кәсіпкер, заңды тұлға, шетел заңды тұлғасы, шетелдік қатысудағы заңды тұлға; орган қызметкерлері: прокуратура, әділет, қаржы полициясы, ішкі істер, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, кеден қызметі, шекара қызметі, прокуратуралар, салық қызметі, төтенше жағдайлар бойынша, арнайы қызметтер, ПМ ішкі әскер, Республикалық Гвардия, соттар, әкімдер, депутаттар, Президенттікке кандидаттар, сот орындаушылары; министрліктер қызметкерлері: әділет, қаржы, білім және ғылым, ауыл шаруашылығы, сыртқы істер, энергетика және минералды ресурстар, денсаулық сақтау, индустрия және сауда, қоршаған ортаны қорғау, экономика және бюджетті жоспарлау, туризм және спорт, мәдениет және ақпарат, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, көлік және коммуникация; агенттіктер қызметкерлері: статистика жөніндегі, жер ресурстарын реттеу жөніндегі, табиғи монополияларды реттеу жөніндегі, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу жөніндегі, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі, ақпараттандыру және байланыс жөніндегі, Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі, ұлттық ғарыштық агенттігінің; Ұлттық банктің, Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, басқа да мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлері.

Ескерту: 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2008.02.04 № 5 Бұйрығымен.

24. 9-жолда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің нормалары бойынша құқық бұзушылық біліктілігі көрсетіледі . 9.1-жолында мынадай кодтау арқылы күнә түрі көрсетіледі: "1" - қасақана; "2" - абайсызда. 9.2-жолында әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған (табылған) күні көрсетіледі.

25. Әкімшілік істі қарау күні 10-жолда қойылады.

26. 11-жолда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 46 және 57 баптар бойынша әкімшілік өндіріп алу шаралары бейнеленеді және жаза салу мерзімінің аяқталу күні қойылады.

11.1-жолында тиісті кодтарды қою арқылы негізгі жаза шаралары көрсетіледі: "01" - ескерту; "02" - әкімшілік айыппұл; "03" - әкімшілік тыйым салу; "04" - азаматқа немесе заңды тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру; "05" - лицензияны (арнайы рұқсатты, біліктілік аттестатын (куәлігін)) күшінен айыру немесе оны тоқтату; "06" - жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтату немесе оған тыйым салу; "07" - шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды әкімшілік кетіру.

11.2-жолында тиісті кодтарды қою арқылы қосымша өндіріп алу шаралары көрсетіледі: "08" - әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе тікелей объектісі болатын затты ақылы түрде алып қою; "09" - тәркілеу; "10" - өз еркімен тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу; "04" - азаматқа немесе заңды тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру; "05" - лицензияны (арнайы рұқсатты, біліктілік аттестатын (куәлігін)) күшінен айыру немесе оны тоқтату; "06" - жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтату немесе оған тыйым салу; "07" - шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды әкімшілік кетіру.

11.3. жолдарында әкімшілік-құқықтық іс-әрекет белгіленеді: "2"- жол қозғалысының ережесін тексеру; "13"-медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары ;

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

27. 12-жолда салынған айыппұлдың көлемі, 13-жолда - өндіріп алынған айыппұл көлемі көрсетіледі (сомалар теңге түрінде көрсетіледі).

Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

28. 14-жол әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның мәліметтерінен тұрады: аты-жөні.

29. 14.1-жолында құқық бұзушының туған күні, айы, жылы және тұрғылықты мекен-жайы қысқартусыз жазылады.

14.2-жолда мынадай кодтары бар жеке басын анықтайтын құжат көрсетіледі:

"1" - төлқұжат, "2" - жеке куәлік, "3" - тұруға ықтияр хат, "4" - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі, "5" - жүргізуші куәлігі, "6" - әскери билет.

14.3-жолда - жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН).

14.4-жолында кодтау арқылы құқық бұзушының жынысы бейнеленеді: "1" - е р к е к ; " 2 " - ә й е л .

14.5-жолында мынадай кодтау арқылы әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның азаматтығы туралы мәліметтер бейнеленеді: "1" - ҚР азаматы; "2" - ТМД елдерінің азаматы; "3" - шетелдік; "4" - азаматтығы жоқ тұлға.

14.6-жолында жұмыс орны, лауазымы, оқу орны көрсетіледі.

14.7-жолында алкогольдік, есірткілік, токсикомандық мас күйінде әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004.06.27. N 25 , 2005.07.13. N 37 , 2007.09.06 N 36 Бұйрықтарымен.

30. 15-жолда кодтау арқылы заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны көрсетіледі: "1" - мемлекеттік кәсіпорын; "2" - мемлекеттік мекеме; "3" - акционерлік қоғам; "4" - жауапкершілігі шектеулі серіктестік; "5" - қосымша жауапкершілігі бар серіктестік; "6" - өндірістік кооператив; "7" - басқалар.

30-1. 15.1 жолда кодтау көрсетіледі: "1" - коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға; "2" - коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды т ұ л ғ а

Ескерту: 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

31. 16-жолда заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің), оның заңды мекен-жайының , салық төлеушінің тіркеу нөмірінің, бизнес - сәйкестендіру нөмірінің толық а т а у ы к ө р с е т і л е д і .

Ескерту: 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005.07.13. N 37 , 2007.09.06 N 36 Бұйрықтарымен.

3 2 . < * >

Ескерту: 32-тармақ алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

33. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 672-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға наразылық білдірілген жағдайда мәліметтер 19-жолда, ал кодтау арқылы оны қарау нәтижелері 19.1.-жолда бейнеленеді. 19 және 19.1.-жолдар аудандық (оған теңестірілген) сотпен толтырылады.

Ескерту: Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша күшке енген қаулыға наразылық білдіру жағдайында, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 672-бабына сәйкес, егер сот қаулысы өзгерусіз ал, наразылық қанағаттандырусыз қалатын болса, жаңа кәртішке қойылмайды.

Апелляциялық сот арқылы басқа шешім қабылдау кезінде, бірінші сатылы сот арқылы 19 және 19.1. жолдарына сәйкес белгі қойылған жаңа кәртiшке қойылады және осы Нұсқаулықтың 11-тармағына сәйкес басқармаға жолданады;

Ескерту: 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

34. Кәртiшкені толтырған қызметкердің аты-жөні мен лауазымы, қолы және толтырылған күні 21-жолда көрсетіледі.

Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 27 маусымдағы N 25 бұйрығымен , өзгерту енгізілді - 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

2-1-тарау. N 1-АП нысанды электрондық кәртiшкесі

Ескерту: 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 27 маусымдағы N 25 бұйрығымен .

34-1. N 1-АП нысанды электрондық кәртiшкені толтыру жеке тұлғалар үшін "Тегі, аты, әкесінің аты және туған күні" деректемелерінен немесе заңды тұлғалар үшін "Заңды тұлғаның аталуы", "салық төлеушінің тіркеу нөмірі" деректемелерінен басталады.

Жеке немесе заңды тұлғаға деректерді енгізу кезінде, жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты мәліметтерді енгізу үшін тағайындалған барлық деректемелік бөліктер жасырылады.

Жеке немесе заңды тұлғалардың белгілену деректерін толтырғаннан кейін, бағдарлама, соңғыларын жоюсыз түзетуге мүмкіндігінің болуы арқылы, енгізілетін тұлғаларға арналған мәліметтердің бары туралы ақпаратты ұсынады, сонымен қатар мәліметтерді сақтау толық көлемде жасалады. Жаңа ақпаратты енгізу "Жаңа кәртiшке" терезесінде қаралады.

Электрондық форматты толтыру үшін бірінші деректеме "құқық бұзушылықты анықтаған орган" деректемесі болып табылады. Бұл деректеме ведомство кодын қою арқылы толтырылады. Аталған деректеме "3", "4" пернелерін басу арқылы, кодтауларымен қоса әкімшілік практика субъектілерінің толық анықтамасын экранға шақыру мүмкіндігінен тұрады.

"Жасалған жері" және "Материалды қараған орган" деректемелік бөліктері ведомство кодын қою арқылы немесе әкімшілік практика субъектілерінің толық анықтамасының көмегімен толтырылады.

"Материалдың нөмірі мен басталған күні", "Істі қараған тұлғаның аты-жөні", "Тіркеу күні мен тіркелу нөмірі" және "ҚСЖАЕКБ-на келіп түскен күні" деректемелері N 1-АП нысанды кәртiшкеде немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдарда (хаттамада, істе) көрсетілген деректерді енгізу арқылы толтырылады. Ведомстволық деректер банкіне ие әкімшілік практика субъектілері "ҚСЖАЕКБ-на келіп түскен күні" деректемесін толтыру кезінде

оған кәртiшкенiң нақты енгiзiлген күнiн қояды.

"Субъект", "Дәрежелену" және "Айыптың түрi" деректемелерi ведомство кодын енгiзу арқылы немесе әкiмшiлiк практика субъектiлерiнiң кодификациялық тiзiмiнен, тармақтар мен тармақшаларға бөлу арқылы әкiмшiлiк құқық бұзушылықтар туралы Кодекс баптарының тiзбесiнен, сондай-ақ айып нысандарының түрiнен тұратын анықтаманы пайдалану арқылы толтырылады.

"Құқық бұзушылықты дәрежелену" деректемесiнде тармақты немесе тармақшаны көрсету қажет болған жағдайда, енгiзу кезiнде олардың алдында "0 (нөл)" саны көрсетiледi. Мысалы, 479-бап 02-тармақ 01-тармақша.

Өндiрiп алу шараларының "Реквизиттер "Негiзгi", "Қосымша" және " Әкiмшiлiк-құқықтық iс-әрекет" деректемелерi сол не өзге өндiрiп алу түрiне сәйкес келетiн кодты қою немесе тек жоғарыда көрсетiлген бапқа ғана қатысты қолданылатын өндiрiп алу түрлерiн санамалау арқылы толық анықтаманы экранға шығарумен толтырылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Әкiмшiлiк құқық бұзушылықтар туралы кодексiнiң 423-бабы көрсетiлген кезде, анықтама "айыппұл", "тәркiлеу", " лицензиядан айыру/оны тоқтату" жазаларынан тұрады, себебi бұл баптың диспозициясы тек осы жаза түрлерiнiң салынуын қарастырады.

"Салынған айыппұлдың мөлшерi" және "Өндiрiп алынған айыппұлдың мөлшерi" деректемелерi материалдарда (хаттамада, iсте) көрсетiлген сомаларын көрсету арқылы толтырылады.

Кәртiшкеде салынған сома туралы мәлiметтермен қатар толық өндiрiп алу көрсетiлген жағдайда, әкiмшiлiк жаза салу жөнiндегi қаулының орындалуы туралы хабарлама толтырылмайды.

"Жұмыс орны, лауазымы, оқу орны" деректемесi материалда (хаттамада, iсте) көрсетiлген деректердiң негiзiнде толтырылады.

"Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны" деректемесi нысанды көрсету арқылы немесе кодтаулары бар заңды тұлға және жеке кәсiпкер нысандары түрлерiнiң толық анықтамасын экранға шақыру жолымен толтырылады.

"Заңды тұлғаның/жеке кәсiпкердiң аталуы, заңды мекен-жайы, салық төлеушiнiң тiркеу нөмiрi" деректемелерi қысқартусыз, материалда (хаттамада, iсте) көрсетiлген деректердi енгiзу арқылы толтырылады.

Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы қаулыға наразылық келтiрiлген жағдайда, "қаулыға наразылық келтiрiлдi" деректемесi толтырылады, онда материалда (хаттамада, iсте) көрсетiлген наразылықтың күнi көрсетiледi.

"Қарастыру нәтижесi" деректемесi бұзылған не өзгертiлген қаулы бойынша мәлiметтердi енгiзу немесе қабылдануы мүмкiн шешiм түрлерiнiң тиiстi тiзiмiнен тұратын анықтаманы пайдалану арқылы толтырылады.

"Кәртiшкенi толтырған қызметкердiң аты-жөнi мен лауазымы" деректемесi тегiн, атын, әкесiнiң атын және лауазымын қысқартусыз көрсету арқылы т о л т ы р ы л а д ы .

Ескерту: 34-1-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шiлдедегi N 37 бұйрығымен .

34-2. Әкiмшiлiк құқық бұзушылық субъектiлерi туралы ведомстволық деректер банкiне ие әкiмшiлiк практика субъектiлерi N 1-АП нысанды электрондық кәртiшкелердi осы Нұсқаулықта көзделген талаптарға сәйкес т о л т ы р а д ы .

Әкiмшi арқылы түзетулер мен алып тастаулар жүргiзу барысында, түзету себебiн белгiлеу керек

Ескерту: 34-2-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шiлдедегi N 37 бұйрығымен .
3 4 - 3 . < * >

Ескерту: 34-3-тармақ алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шiлдедегi N 37 бұйрығымен .

3-тарау. Әкiмшiлiк жаза салу туралы қаулының орындалуы жөнiндегi хабарлама

35. Әкiмшiлiк практика субъектiсi құқық бұзушыдан әкiмшiлiктiк жаза туралы нақтылаушы құжаттарды (квитанция, төлем туралы ұсыныс қағазы, өндiрiлген жаза туралы сот әкiмшiлiгiнiң хаты) немесе орындау туралы әкiмшiлiктiк жаза тағу туралы қаулыны (ұйғарымды) алу барысында, 1 жұмыс күнiнiң iшiнде әкiмшiлiк жаза тағу қаулысын орындауы жүктелген ескертудi басқармадағы лауазымды тұлғасына электрондық түрде (егер ведомстволық деректер банкi болған жағдайда), немесе пошта байланысы арқылы (егер ведомстволық деректер банкi болмаған жағдайда) осы Нұсқаулықтың N3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдайды.

Әкiмшiлiк практика субъектiсiмен айыппұл көлемi толық өндiрiп алынып, Басқармаға ұсынылған N 1-АП нысанды карточкасының 13-жолында көрсетiлген жағдайда, хабарлама жiберiлмейдi.

Ескерту: 35-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - ҚР Бас Прокурорының 2004.06.27. N 25 , 2005.07.13. N 37 , 2007.09.06 N 36 Бұйрықтарымен.

35-1. Мәжбүрлеп орындауды жүзеге асырушы орындау өндiрiсiнiң органы құқық бұзушыдан әкiмшiлiк жаза тағу жөнiндегi қаулының (ұйғарымның) орындалуы туралы нақтыланған құжаттарды (квитанция, төлем туралы ұсыныс қағазы, өндiрiлген жаза туралы сот әкiмшiлiгiнiң хаты) алу кезiнде, жүргiзiлген жаза туралы белгiмен 3 жұмыс күнi iшiнде әкiмшiлiк жаза тағу туралы қаулы

шығарған органға (лауазымды тұлғаға) қайтарады

Ескерту: 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

4-тарау. Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік өндіріп алудан босату туралы хабарлама

36. Әкімшілік практика субъектісі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 70, 75, 701 , 702 және 704-баптарымен негізінде әкімшілік жауаптылықтан немесе әкімшілік өндіріп алудан тұлғаны босатқан кезде, ол осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық түрде немесе пошта байланысымен хабарламаны үш тәулік ішінде Б а с қ а р м а ғ а ж і б е р е д і .

Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

3-бөлім. Деректер банкіне сұрау салу

5-тарау. Деректер банкіне сұрау салудың негізі мен тәртібі

37. Қайталануды анықтайтын сұраулар осы Нұсқаулықпен (5-қосымшаға сәйкес) бекітілген сұрау нысаны бойынша рәсімделеді. Сұрау әр тексерілетін тұлғаларға бөлек, айқын, жазба әріптерімен, көк немесе қара сиямен қолмен немесе жазба машинкасымен жүргізіледі.

Ескерту: Сұранымсыз режимде қажетті ақпаратты алу үшін Комитеттің орталықтандырылған деректер банкіне электрондық жойылған кіру рұқсатының бар болуы әкімшілік практика субъектісіне рұқсат етіледі.

Сол немесе басқа тұлғаны әкімшілік жауапқа тарту туралы ақпаратты талап еткен мемлекеттік органдар, заңмен белгіленген тәртіпте алынған ақпаратты ж а р и я л а у ғ а ж а у а п б е р е д і .

Ескерту: 37-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

38. Сұранымды дайындау кезінде атау септігінде қысқартусыз мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) жеке тұлғаға: аты-жөні, туған күні және тұрғылықты мекен-жайы;
- 2) заңды тұлғаға және жеке кәсіпкерге - салық төлеушінің тіркеу нөмірі, атауы, заңды мекен-жайы .

Белгілеу мәліметтері бір жылдың ішінде өзгертілген жағдайда, сұранымға бұрынғы мәліметтерді бейнелеу қажет. Белгілеу мәліметтері бір жылдың ішінде бір немесе бірнеше рет өзгертілсе, жеке сұраным құрылады.

Сұранымның 1-6, 11-13-жолдары оны жеке тұлғаға қатысты дайындау кезінде т о л т ы р ы л а д ы .

Сұранымның 7-13-жолдары оны жеке тұлғаға және жеке кәсіпкерге қатысты

дайындау кезінде толтырылады.

Сұранымды дайындау кезінде, 10-жолда міндетті түрде тексерудің негізін көрсету қажет.

Сұранымға өкілетті лауазымды тұлға қол қойып, мемлекеттік органның мөрімен (мөртабанымен) куәландырылады.

Субъектілерде электронды байланыстың бар болуына байланысты, сұраулар қайталануды айқындау үшін, Комитетпен анықталатын автоматтандырылған электронды форматпен орындалады.

Ескерту: 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

39. Осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзу арқылы рәсімделген сұраудың қағаз жүзі орындалмай қайтарылады, ол туралы тиісті белгі қойылады.

Ескерту: 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

40. Сұраным оның Басқармаға немесе Комитетке келіп түскен кезінен бастап 5 жұмыс күндері ішінде орындалады (қайталауды анықтау қажет болған жағдайда - бір жұмыс күні ішінде ішінде) және сұраным жіберген органға поштамен жолданады немесе тікелей Комитетте не Басқармада беріледі.

Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .

41. Деректер банкіде тексерудегі тұлғаға мәліметтер жоқ болғанда, сұранымның екінші бетінде мынадай текстпен мөр қойылады: "Мәліметтер жоқ", "Анықтаманы Комитет (Басқарма) қызметкері жүргізді (аты-жөні, тектері бойынша нөмірі)" және тексеру күні көрсетіледі.

Есептерде тексерудегі тұлғаға қатысты мәліметтерді анықтаған кезде олар сұранымның келесі бетінде көрсетіледі және: "Анықтаманы Комитет (Басқарма) қызметкері жүргізеді" текстісімен мөр қою және тексеру жүргізу мерзімі туралы белгі қою арқылы айқындалады.

42. Осы Нұсқаулықпен белгіленген нысандағы есепке алу-тіркеу құжаттарының бланкілері әкімшілік практика субъектілерімен дайындалады.

2003 жылғы 5-желтоқсандағы

N 67 бұйрығымен бекітілген

"Әкімшілік құқық бұзушылықтар және

оларды жасаған тұлғалар жөнінде

орталықтандырылған деректер

банкін құру туралы"

Нұсқаулығына N 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жана редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2008.09.04 N 50 Бұйрығымен.

1-ӘҚБ. Әкімшілік құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған тұлғаларды есепке алу кәртiшкесi

<p>1. _____ кұқық бұзушылықты анықтаған органның аталуы</p> <p>1.1. оның ішінде мемлекеттік органның ынтасы бойынша _____</p> <p>-----</p> <p>2. _____ кұқық бұзушылықты жасаған орган</p> <p>3. _____ істі, материалды /хаттаманы/ қарастырған өкілетті орган</p> <p>4. Істің, материалдың /хаттаманың/ нөмірі _____ жүргізу күні "___" _____ 2 0 0 _ _ ж .</p> <p>4.1. бас тарту материалының нөмірі ҚІҚБТ күні "___" _____ 200_ ж.</p> <p>5. _____ істі қарастырған лауазымды тұлғаның аты - жөні</p> <p>6. "___" _____ 200_ ж. N _____ тіркелген күні және әкімшілік практика субъектісінің тіркеу нөмірі</p> <p>7. ҚСЖАЕКБ келіп түскен күні "___" _____ 200_ ж. Түзету күні "___" _____ 200_ ж.</p>	<p>1././././././././</p> <p>2././././././././</p> <p>3././././././././</p> <p>4././././././././</p>
<p>8. Субъект: жеке тұлға "1", жеке кәсіпкер "2", заңды тұлға "3", шетел заңды тұлғасы "4", шетелдік қатысудағы заңды тұлға "5"; орган қызметкерлері: ӘМ ҚАЖК "6", қаржы полициясы "7", ішкі істер "8", қорғаныс министрлігі "9", ұлттық қауіпсіздік "10", кеден қызметі "11", шекара қызметі "12", прокуратура "13", салық қызметі "14", төтенше жағдайлар бойынша "15", ҚР ПМ ішкі әскері "16", Республикалық Гвардия "17", соттар "18", Әкімдер "19", депутаттар "20", Президенттікке кандидаттар "21", сот орындаушылары "22", арнайы қызметтер "24"; министрліктер қызметкерлері: әділет "51", қаржы "27", білім және ғылым "28", ауыл шаруашылығы "29", сыртқы істер "30", энергетика және минералды ресурстар "31", денсаулық сақтау "32", индустрия және сауда "33", қоршаған ортаны қорғау "34", экономика және бюджетті жоспарлау "35", туризм және спорт "36", мәдениет және ақпарат "37", еңбек және халықты әлеуметтік қорғау "38", көлік және коммуникация "39" "; агенттіктер қызметкерлері: статистика жөніндегі "40", жер ресурстарын реттеу бойынша "41", табиғи монополияларды реттеу жөніндегі "42", қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу жөніндегі "43", мемлекеттік қызмет істері жөніндегі "44", ақпараттандыру және байланыс жөніндегі "45", Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі "46", ұлттық ғарыштық агенттігінің "47" "; Ұлттық банктің "48", Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "49", әкімдіктер және олардың құрылымдық бөлімдерінің қызметкерлері "50", өзге де мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлері "23", лауазымды тұлға "25", лауазымды тұлғаға теңестірілген тұлға "26";</p> <p>9. Құқық бұзушылық дәрежесі Қазақстан Республикасы ӘҚБК ___ бабы ___ б ___ т</p> <p>9.1. Кінә нысаны: "1" - қасақана, "2" - абайсыздықта.</p> <p>9.2. Әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған (анықталған) күні "___" _____ 200_ ж.</p>	<p>8. /././</p>
<p>10. Әкімшілік істі қарастырған күн "___" _____ 200_ ж.</p>	
<p>11. Жазаның әкімшілік шаралары (ҚР ӘҚБК 46, 57 баптары): 11.1. негізгі: "01" - ескерту; "02" - айып; "03" - тұтқын; "04" - арнайы құқықтан арылу; "05" - рұқсаттан арылу/тоқтатылу; "06" - жеке кәсіпкер және заңды тұлға қызметінің тоқтатылуы/тыйым салынуы; "07" - шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды әкімшілік кетіру. 200 жылдың "___" _____ мерзіміне дейін.</p>	

11.2. қосымша: "08" - алып қойылған; "09" - кәмпескелеу; "10" - мәжбүрлік алым; "04" - арнайы құқықтан арылу; "05" - рұқсаттан арылу/тоқтатылу; "06" - жеке кәсіпкер және заңды тұлға қызметінің тоқтатылуы/тыйым салынуы; "07" - шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды әкімшілік кетіру. 200 жылдың "___" _____ мерзіміне дейін.	9.1./_/_/
11.3. әкімшілік-құқықтық: "12"- жол жүру ережелерін білуді тексеру; "13" - мед.сипаттағы мәжбүрлеу шаралары	11.1./_/_/
12. Салынған айып мөлшері _____ теңге	
13. Өтелінген айып мөлшері _____ теңге	
14. _____ /_____/ (әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның аты-жөні)	11.2./_/_/
14.1. "___" _____ 19_ж. тұрғылықты жері _____	
14.2. Жеке басын куәландыратын құжат: "1" - паспорт, "2" - жеке куәлік, "3" - тұрғылықты мекеннің түрі, "4" - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі, "5" - жүргізуші куәлігі, "6" - әскери билет N _____ берілген "___" _____ ж.	
_____ (кіммен берілген)	
14.3. ЖСН _____	11.3./_/_/
14.4. Құқық бұзушының жынысы: "1" - ер; "2" - әйел	
14.5. Құқық бұзушылық жасалды: "1" - ҚР азаматымен; "2" - ТМД азаматымен; "3" - шетел азаматтарымен; "4" - азаматтығы жоқ тұлғамен	
14.6. Жұмыс орны, лауазымы, оқу орны _____ (керегін сызып қою) (нақты белгілеу)	14.2./_/_/
14.7. Жағдайда: алкогольдік "1"; есірткілік "2"; уытқұмарлық мас күйінде "3";	
15. Заңды тұлғаның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны "1" - БП, "2" - мемлекеттік мекеме, "3" - АҚ, "4" - ЖШС, "5" - ТДО, "6" - өндірістік кооператив, "7" - басқа да.	
15.1. "1" - коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға; "2" - коммерциялық ұйым болып табылмайтын заңды тұлға (ҚР АК 34, 58, 96 баптары)	
16. Заңды тұлғаның, жеке кәсіпкердің аталуы _____	

_____ заңды мекен-жайы _____	
_____ СТН _____ БСН _____	14.4./_/_/
_____ 17 және 18 бағандар алып тасталды.	14.5./_/_/
19. Қаулы: наразылық білдірілді (ҚР ӘҚБК 672 бабы) "___" _____ ж.	
19.1. Қарастыру нәтижесі: "1" - алынды; "2" - өзгертілді.	
21. _____	
Кәртiшкенi толтырған қызметкердiң аты-жөнi, лауазымы, _____ қолы	
	14.7./_/_/
	15./_/_/
	15.1./_/_/

" _ _ _ _ " _ _ _ _ _

2 0 0 _ ж .

Ескерту: 19 және 19,1 жолдар бірінші сатылы соттармен толтырылады.

19.1./_/

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
"Әкімшілік құқық бұзушылықтар
және оларды жасаған тұлғалар
туралы орталықтандырылған
деректер банкін жүргізу жөнінде"
2003 жылғы 5 желтоқсандағы
N 67 бұйрығымен бекітілген

Нұсқаулыққа 2-қосымша

*Ескерту: 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының
2004 жылғы 27 маусымдағы N 25 бұйрығымен .*

(мемлекеттік органның атауы)

әкімшілік істерді тіркеу

ЖУРНАЛЫ

N _____

200__ жылдың " __ " _____ N-нен басталды

200__ жылдың " __ " _____ N-мен аяқталды

N | Карточканы|Әкімшілік|Құқық |Занды тұлғаның|Қазақстан
тш | қойған | құқық |бұзушылық |атауы мен |Республикасының
| органның |бұзушылық|жасаған |мекен-жайы. |ӘҚТК-нің
| атауы, | туралы |тұлға |Жеке | нормалары
| оның | істі |туралы не |кәсіпкердің |бойынша құқық
|ҚСЖАЕКБ-на| сотқа |занды |аты-жөні |бұзушылық
|жіберулер |жіберген |тұлғаның |(тіркелген |біліктілігі
күні	мемле.	бірінші	жағдайда -
	кеттік	басшысы	мекен-жайы)
	органның	туралы	
	атауы	мәліметтер	
		(а т ы - ж ө н і ,	
		т у ғ а н к ү н і ,	
		а й ы , ж ы л ы ,	

			лауазымы,		
			жұмыс орны)		
1	2	3	4	5	6

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Істі қарау күні мен нәтижесі	N1-АП нысанды	Қаулының N мен	өндіріп алу шаралары
	карточканы	заңды	күшіне ену күні
	қойған		
	қызметкердің		
	аты - жөні		

7	8	9	10
---	---	---	----

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
"Әкімшілік құқық бұзушылықтар
және оларды жасаған тұлғалар
туралы орталықтандырылған
деректер банкін жүргізу жөнінде"
2003 жылғы 5 желтоқсандағы
N 67 бұйрығымен бекітілген

Нұсқаулыққа 3-қосымша

*Ескерту: 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының
2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .*

**Әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалуы жөнінде
ХАБАРЛАУ**

Хабарлауды жолдаған органның аталуы

Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Туған күні " ____ " _____ 19 ____ ж.
Туған жылы _____

(қысқартусыз)

Заңды тұлғаның аталуы, кәсіпкердің индексі _____

СТН _____

Істің, материалдың /хаттаманың/ нөмірі _____ " ____ " _____ 20 ____ ж.

(керектісін сызып қою) жүргізілген күні

құқық бұзушылық дәрежесі ҚР ӘҚБК _____ бабы _____ б _____ т

тағылған айып құны _____ теңге.

өтелінген айып құны _____ теңге.

төлеген күн " ____ " _____ 200 ____ ж.

Жауапты лауазымды тұлғаның аты-жөні _____

(қолы)

Күні " ____ " _____ 200 ____ ж.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
"Әкімшілік құқық бұзушылықтар
және оларды жасаған тұлғалар
туралы орталықтандырылған
деректер банкін жүргізу жөнінде"
2003 жылғы 5 желтоқсандағы
N 67 бұйрығымен бекітілген

Нұсқаулыққа 4-қосымша

*Ескерту: 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының
2005 жылғы 13 шілдедегі N 37 бұйрығымен .*

Әкімшілік жауаптан және әкімшілік жазадан босатылу туралы

ХАБАРЛАУ

" ____ " _____ 200 ____ ж.

хабарлауды жолдаған органның аталуы

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған күні "___" _____ 19___ ж.

Тұрғылықты жері _____

(қысқартусыз)

құқық бұзушылықты анықтаған орган _____

істің, материалдың /хаттаманың/ нөмірі _____ "___" _____ 200___ ж.

(керегін сызып қою) жүргізу күні

құқық бұзушылық дәрежесі ҚР ӘҚБК _____ бабы _____ б _____ т

өтеу түрі _____

әкімшілік жауаптан және әкімшілік жазадан босатылу күні

(керегін сызып қою) "___" _____ 200___ ж.

негізінде 200 ж "___" _____.

хабарлауды жолдаған қызметкердің аты-жөні

Жауапты лауазымды тұлғаның қолы _____

Күні "___" _____ 200___ ж.

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының

"Әкімшілік құқық бұзушылықтар

және оларды жасаған тұлғалар

туралы орталықтандырылған

деректер банкін жүргізу жөнінде"

2003 жылғы 5 желтоқсандағы

№ 67 бұйрығымен бекітілген

Нұсқаулыққа 5-қосымша

*Ескерту: 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының
2005 жылғы 13 шілдедегі № 37 бұйрығымен .*

Тұлғаны әкімшілік жауапқа тарту туралы

СҰРАУ

№ _____ поштамен/қолма қол алу

"___" _____ 20___ ж. (керегін сызып қою)

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі

комитетіне

Жеке тұлға үшін:

1. Тегі _____

2. Аты _____

3. Әкесінің аты _____

4. Туған күні " ____ " _____ ж.

5. туған жері _____

6. Мекен-жайы _____

Заңды тұлға және жеке кәсіпкер үшін

7. СТН _____

8. Аталуы _____

(қ ы с қ а р т у с ы з)

9. Мекен-жайы _____

10. Тексеру негіздері: _____

11. Мемлекеттік орган басшысы _____

МО (аты-жөні, қолы)

12. Орындаушы _____

(аты-жөні, лауазымы)

13. Жіберушінің мекен-жайы: индексі /__/_/_/_/_/_/_/_/_/

Облыс _____ қала _____

Аудан _____ ауыл _____

Көше _____ N _____

Мем.орган _____

(қысқартусыз, толық атауы)

(А 4 формат)